

асып түседі, оны өз сөзінен ұстап, өз сөзінің жүйесінен сүріндіреді, қарсыласының ойына негіз етіп отырған құбылысты оның өзінің кемшілігін әшкерлейтін дәлелге айландырып, оған қоршаған көпшілікті тұтас иландырады.

* * *

В статье изучается поэтическое мастерство Майкота Сандыбайулы.

* * *

In article questions of poetic skill of Majkota Sandybajuly are studied.

Н. Н. Иманбекова

ҚАРАУЫЛБЕК ҚАЗИЕВ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ТУҒАН ЖЕР ТАБИҒАТЫНЫҢ КӨРІНІСІ

Қазіргі қазақ прозасына 1960 жылдарда келіп, «құйрықты жұлдыздай» ағып өткен тұрлаулы творчестволық тұлғалардың бірі – Қарауылбек Қазиев. Бар-жоғы 45 жыл ғұмыр кешкен талантты жазушы өзінен кейін өз алдына жеке зерттеуімізге лайық қомақты әдеби мұра қалдырды.

Оның әдеби шығармашылығы – бүгінгі күннің биік эстетикалық талғамы мен талабына жауап беретін, идеялық-көркемдік жағынан аса құнды еңбектер жазу айдынындағы алғашқы адымдары-тырнақалды туындыларында-ақ, өзіне тән қаламгерлігімен, жазудағы өзгеше өрнек-нақышымен, мәйекті тіл, сыршыл сазымен әдебиет әлеміне еркін еніп, қазақ прозасының қалың көшіне іркілмей ілескен Қарауылбек Қазиевтің жазушылық болмыс-бітімі бірден дараланып, уақыт өте келе шеберлігі шыңдала түскендігі оның көркем дүниелерінен айқын аңғарылады.

Қарауылбек Қазиев Жамбыл облысы, Шу ауданындағы «Кербұлақ» ауылында туған. Жазушының айтуынша, оның туып-өскен ортасы өнерге жақын болған. Оның болашақ жазушыға әсері де мол болғанын байқатады. Ол өскен орта ән-күйге бөленген, өзі ақын, өзі күйші, өзі сазгер – үштік бірлігінен құрылған әнші-ақын ортасы. Әрідегі Кенен Әзірбаевтың көзін көріп, даңқын естіп өскен. Бұл туралы деректерді жазушының «Мәтібұлақ басында» атты әңгімесінен кездестіреміз: «Мен Кенен ауылымен қолтықтас, тізерлес жатқан Шу өңірінде ержетіп ем. Ауылы аралас, қойы қоралас көрші-қолаңның күй мен жыры да жапсарлас. Біріне-бірінің аунап жетуі тез. Әз ағаның ауылынан ән үйреніп қайтқан әркімнің аты бейгеден келгендей көңілдері көтеріңкі келуші еді. Қалың тойды қақ жарып, Кенекеннің

күйлі әнін алғаш шырқап, шырайлана үн көтерген кісінің маңдайына жұлдызы бар сияқты көрінетін-ді. Осыдан кейін-ақ әлгі әнді ауыл болып көтеріп кетуші еді. «Бозторғайды» боздата, «Көкшолақты» екпіндете тебіrentетін ауылдастарының келбегі әлі күнге дейін көз алдымда. «Базар-Назардың» сазымен соғыстан қайтпай қалған ұлдарын жоқтап, күңіренген көп апаның қапалы күйлері де көңілден кеткен жоқ... Кенекеннің көп әндері қоңырқай балалығымның ескірмес ескерткіштеріндей жадымда қалыпты» [1, 254-255б.б.].

Ешқашан аптап ыстық, ми қанаттар шөл далада жапырағы шулаған алып бәйтерек тамыр жая алмайды. Сол секілді алдында дәстүрі, ежелгі төсегі жоқ елде талантты жазушы тұмақ емес [2,385б.]- дегендей ақын-жазушылар қазынасын – рухани уыз еткен. Өздерінің даңқты бабаларының өнегесі бойынша бар саналы ғұмырын халқының игілігіне арнаған асыл тұлғалар киелі Шу өңірінен аз шыққан жоқ. Қазаққа Бөлтірік шешен сынды сөз зергерін, Сауытбек сынды ақиық ақынды сыйлаған киелі Шу топырағынан шыққан танымал ақын-жазушылар да аз емес. Олардың қатарында Жамбылдың шәкірті Бармақ ақын (Мықанбайұлы), халық ақындары Жақсыбай Жантөбетов, Сәрсен Жылысбаев, Омарбай Малқаров, халқымыздың біртуар ақын қыздары Майса мен Ақбөпе, жазушы, драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері, Жамбыл облысының құрметті азаматы Әлдихан Қалдыбаев, Әбіғұл Ибрагимов, Мұрат Сыздық, жазушы, журналист, баспагер Болат Бодаубай, спортшы, ғалым, жазушы Әлімқұл Бүркітбаев, Ахметжан Қосақов, Қуаныш Иембердиев бар.

«Кербұлақ» ауылы қазақ мәдениетіне оннан астам тұғырлы тұлға берген. Қазақ мемлекеттік

камералық оркестрінің бас дирижері болған Ұялбай Нүсіпов, дәулескер күйші-сазгер Әбдімомын Желдібаев, әнші-сазгер Серік Әденов, Қазақстан Республикасының халық әртісі, режиссер Қадыр Жетпісбаев тағы басқалар – осы ауылдың төл перзенттері.

Адам болашағының ғибратты болмағына оның бала жастан тәлім – тәрбие алып өскен ортасы, ұшқан ұясы зор әсерін тигізеді. Оның рухани болмысы мен танымының қалыптасуы да есейген ортасымен тығыз байланысты. Қарауылбек Қазиев осындай ақын-жазушыларды туғызған, ұлылар мекені атанған Кербұлақта дүниеге келуі, рухани қоғамдық ортада тәрбиеленуі оны биік белестерге көтерді.

«Кербұлақ» - қазақтың қаймағы бұзылмаған ауылы. Жазушылық та, ақындықта туған жер табиғатынан болса керек. Кербұлақ – сұлу жер, тамылжыған табиғат қана емес. Жоғарыда аталған ғажайып шығармашылық тұлғалардың тууына, қалыптасуына да себепкер болған. Қаламгер Кербұлақты бар жан-тәнімен сүйгені белгілі. Кіндік қаны тамған, Кербұлақты шығармаларына арқау етіп отырғаны да мәлім. Рухани толысқан әр адамның бейнесінен туған жер бейнесі көрінеді. Оның сөзінен, қимыл-әрекетінен өскен ортаның танымал белгілері әрқашан мен мұндалап қол бұлғайды. Қарауылбек Қазиев сезінгенін іркіп қала алмайтын, қуанышына да, ренішіне де оқырманын ортақтастыра алатын шын сезім жазушысы. Оның туындылары өзі туған Кербұлақтың саф ауасындай таза, қайыңдары мен қарағайындай биік және әдемі, көлдеріндей айдын, бұлақтарындай мөлдір.

Табиғаттың әсем сұлу өңірінде жарық дүниеге келген, көзін ашып көргені табиғи көркемдік болып ер жетіп келе жатқан бозбала үшін қайталанбас әсер еді. Қарауылбек Қазиевтің балдаурен балалық шағы өткен өңірі, өскен ортасынан ойлағанда оны жазушы болмасқа әдісі жоқ дарын ретінде қабылдаймыз.

Оның бойындағы өмірге құштарлық, адамға мейірімділік, әдемілікке, сұлулыққа іңкәрлік, жан-дүниесіндегі сыршыл сезімталдық, сыншыл талғам осы туған жерінің қайталанбас ғажайып көрінісінен дарыған.

Жазушының туған жері – Кербұлаққа әбден бауыр басуы, кейіпкерлерін, тақырыбын сол аймақтан табуы, объектісіне деген құштарлық қуантарлық жайт.

Жазушы мына сөйлемдермен-ақ “Жаз айының жайдары таңы тағы да әдемі атты. Жауынның көптігінен қоңырланып, биіктеп алған батсайы раң шашақтарын сілкініп, ертеңгі арай-

ға бет бұра бастады. Азанғы самалмен азды-кем бұйра толқын ойнатқан көк дала кейпінде жұмсақ нұр бар” — деп кіршіксіз арайлы таңды мөлдірете суреттейді.

«...Түн әбден кірді. Жұлдыздар пырдай жанып, қаумалап тұрғанымен батыс жақта бүлкілдеп от ойнатқан ойнамалы қалың бұлт бар. Тек тау ішіне ғана тән жым-жырт тыныштық. Ауық-ауық иттер үреді. Түн көрпесін жамылып, жамырай шырылдаған шегірге үндері бір сәт те басылған жоқ. Бақа шуылымен үйлесіп, үзілмей қатаймаған ұзын-сонар әуен бесігі тербелгендей».

«Олар екеу, мен жалғыз...» әңгімесінде: «Шоқпар асуы» бір-біріне мінгескен бес-алты тау жотасынан тұрады. Әр қырқасына көтерілген сайын жақпар тас, жалаңаш құзданып биіктей бастайды. Сондықтан да бұл тұсқа келген қай поезд болмасын бұрынғысынша екпіндей алмайды....

Бұл ара осындай өр, шұғыл еңіс болуымен бірге табиғатының сұлулығымен де аты шыққан жер. Әртүрлі гүл атаулы ыстық жаздың ортасына дейін өңін бермей, қызылды-жасылды боп тұрып алады. Кез келген жыра-сайларынан атқылайтын мөлдір бұлақ, мол сулы бастаулары да мол».

«Ауылдан алыстаған сайын әртүрлі гүл шоқтары алдымыздан жамырап шыға берді. Өңкей бір нәзік қылықты, бізге аттары беймәлім гүлді жапырақшалар ана жерден де, мына жерден де қылаң етіп қою көзқарасына жасырына түскендей болып, ілесті де отырды. Кейбіреулері тосын жүрістен секем алып қалғандай, қайырыла қарап тұрып, таң қалған пішінмен бас шұлғиды. Кейбіреулерінің жүзінен қуанышты сәбидің кейпі аңғарылғандай. Ана бір ойпандағы қалың «бақбақ» бастарына жібек шатыр ұстаған ертегі қыздарын көзге елестетсе, мына бір қыраттағы ақшабас шағын гүлдер өскен самалмен ирелеңдеп, жас қозылардың асыр сап жүгіргеніндей ойнақ салады» [1,95б.].

«Олар екеу, мен жалғыз» әңгімесін оқығанда кеуденің тұсы еріксіз сыздап, қырдан қызғалдақ терген, имек айдың ұшына жармасып, кең дүниені кезіп кеткің келген кездерің көз алдыға сағымша ойнайды. Туған өлке сұлулығын өзен-көлдерінен, жартастарынан таниды. Бұлар ол табынған сұлулықтың символдарының бірі, жазушы бейнелеуінде, оны өмірге ғашық еткен, құштар қылған әсемдік көріністері. Бұл тектес туындылар жазушы бойындағы адам сүйгіш, өмірге құштар, гуманистік сезімдердің байлығын танытып, сезімтал, сыршыл жазушының өз бейнесінен де хабар береді.

Шығармаларындағы туған жер суреттері, оның қарамақпал түні, ерке самалы, тас бұлаққа шүпірлей қонған жұлдыздар нұры, қызыл іңірде қарауыта дүңкиген тау басынан қорғалай туатын ай, сол айға жүгіріп барып, ернеуінен ұстап, мініп алып сейіл-серуен құрғысы келетін екі жас қыз – бәрі-бәрі түп-тұнық суреттеледі.

«Бәйшешекті жыл» әңгімесінде: «Ерте піскен ақшыл гүлдер жерге шашылып түскен аспан жұлдыздарындай болып, ескен самалмен от үргендей сәулеленіп пырдай шашырап тұрып алды. Кейбіреулері қос-қостан қол ұстасып, түп-тура үйіргесіне дейін жайылып келеді. Мына бір үйір бәйшешек өзен жиегінен су ішуге келгендей жыпырлай түсіп, құлай беріске төніп алыпты. Баз-біреулері өзеннің ішіне дейін кешіп келіп, су дірілімен билеп ойнағандай жайнаң қағады....»

Табиғаттың осы бір қуанышты шағы Қайыржан ішіне түскен ине жасуындай жұқалаң сәулені үрлепөріткендей болады. Оның бойына апақ бәйшешектер өсіп, қаз-қатар шырақтар жанған тәрізді. Еркелей жыпырлап, тысқа ұмтылып өзінше бір жарастық іздегендей. Қанатсыз аспанға көтерердей жеңіл сезім белгісіз аңсауға ұласады. Ұлпа бұлт сияқтанған мамық сағыныш ары-бері қозғала бастағандай...» [1,218б.].

«Қадиша» әңгімесінде: «Түңгі төңірек қап-қара тыныштық құшағына сүйеніп, аспандағы қалың жұлдыз қара жерге шыққан бәйшешекке ұқсап, жыпырлап тұрады. Лептей есіліп қанатты вальс желпініп жатады. Жанарынан қуаныш оты ұшқындап, үлпілдек шашындағы ақ бантигі таң шолпанындай күмістеніп Қадиша жүреді...».

«...Жып-жылы жұмсақ түн. Алыстағы сансыз жұлдыздар жылусыз от бүркіп, шет-шетіне қырау жалатқандай жылтылдап, үнсіз, тынымсыз жымың қағады. Кеше дабыры да саябыр тауып, момын тартқан. Тек тозбас сарылына мініп, менің ойым секілді астан-кестен тулаған тау өзенінің дыбысы ғана бір сарынмен бұрқырап жатыр».

«...Әуеде қалқыған ұлпа тозаңдарды шап-ағымен бояған қызыл ымырт жабыла бастады. Ауыл іші қоңыр жейде киініп, бозғылт тартқан. Күл арасындағы өшер шаладай көмескіленген іңірдің алғашқы жұлдыздары көрінді. Үйдің қасына түн келіп жатты... Осы түннің тұнық ауасынан қайда барсам да жүрегімен естіліп тұратын аяулымның үнін тыңдаймын. Осы түннің мейірімді құшағынан көктемгі тұмандағы күн көзіндей елжіреп тұратын Қадишаның жылы жанарын көремін» [1,237б.].

Қаламгер өз шығармаларында табиғат сұлу-

лығын тамсана жырлаумен бірге, кейіпкерлерінің ішкі жан-дүниесін, сезім буырқанысын сол табиғатпен астастыра суреттеудің шебері. Ол табиғат құбылысы мен адам жанын бір-бірінен бөлектемей бірлікте сезінеді. Соның арқасында оның кейіпкерлері табиғаттың өзіндей, ақ-адал, кіршіксіз таза болып келеді.

Қаламгердің туындыларында жүрек елжіретер табиғат суреттері өте көп. Аңғарымпаздықты, шеберлікті былай қойғанда, жазушыны мұндай биікке шығарған құдірет туған жерге деген шексіз махаббат. Шудың биік аспаны, жыпырлаған жұлдызды түндері, Кербұлақтың бай хайуанат, өсімдік әлемі, тау өзендерінің таусылмас гүрілі қайда жүрсе де, не жазса да автор қаламынан тыс қалып көрген емес.

Шын суреткер пейзажы – қашан да белсенді адам қатынасымен, қайғы-мұң, қуаныш-сүйініш сияқты көңіл-күй әсерімен қанаттанған шынайы шабыт туындысы. Дүние сұлулығын игерудің маңызды бір саласы пейзаждық үлгіде түрлі-түсті, жасанған жаратылыстың жалпы көрінісі ғана емес, табиғат байлығының, адам қасиетінің сезім қылын шертер ең нәзік тылсым-тұңғыықтарына дейінгі бүкіл жүрек дірілі, жан жылуы жан-жақты ашылуына мүмкіндік мейлінше мол.

Әйтсе де, пейзажды тек танитын адамның қилы-қиян әсер билеген әртүрлі көңіл-күйіне ғана сая беруге болмайды. А. Буров мәселенің, міне, дәл осы қырына айрықша ден қойған [3]. Белгілі бір табиғи жағдайларға орай адам сезімі, қуаныш-сүйініші, көңіл-күйі көрінетіндіктен, ол нағыз пейзаж қашан да әсерлі болуға тиіс деп есептейді. Осы көріктеу өнерінің бар қиыншылығын, жауапкершілігін тек адам сезімі мен көңіл-күйі қалтарысына барынша тереңірек бойлау парызынан іздеген. Ал шындығында пейзаж жанрының өзекті желісі – сезім туғызатын табиғаттың өзі. Көркемөнерсіз-ақ ол адам көңіл-күйінің қуаныш-қайғы сияқты әр қилы жағдайымен ұқсас қызық бір мінездер байқатуы ғажап емес. Адам әдетте өз мұңы, өз қуанышымен үндес табиғаттың осындай әртүрлі ғажайып көріністерінен қуат алады.

Көркемдік таным аясында мейлінше маңызды қызмет атқаратын аңдау, әр нәрсенің байыбын барлау қарекеті тек әсерленген көңіл-күй бабын ғана емес, сонымен бірге саналы түрде терең сезінгендік қасиетін аңартып тұрады. Суреткер әрекетінде әдетте сол саналы ой мен сезім бауырласады да, табиғат кескісінің күллі ою-өрнегін нұрландырып, өзекті арқауға айналып кетеді. Олардың бұл өзара астасқан

тас-түйін жарасымы – бейнелі дүние таным тіршілігінің өзіндік ерекшелігін айқындайтын негізгі белгілердің бірі.

Көркем пейзаж жасау суреткердің дүниетанымының кеңдігіне, рухани және материалдық мәдениеттерді жете білуіне, бір-біріне жақындамайтын тегі басқа, тірлігі оқшау құбылыстарды орайластырып, жымдастыруға, алыс ұғым-түсініктерді бір-бірімен шебер қиюластыраға саяды. Жалпы, шығарма жазуда пайдаланатын нәзіктік, дүниенің жүрек қытықтар сезімге толы сәттері, көңіл тоймайтын сұлулық, бейкүнә сәбидей пәктікке құштарлық секілді белгілерді жазушы Қарауылбек Қазиев ой көзімен жеті рет өлшеп барып, содан кейін ғана бір-ақ мәрте кеседі. Мұндағы басты әңгіме – сырбаз жазушы Қарауылбек Қазиевтің әдебиетті өзінше киелі әлем ретінде бағалай білуінде. Ол сондықтан да әрбір тенеу мен нақышқа, жалпы ол, шығарма оқиғасының сенімді болуына өте көп көңіл бөлген. Осы орайда, атакты жазушы Л.Н. Толстойдың: «Түзетпестен жазу дегенді мүлде ойдан шығарып тастау керек. Мен бірнеше қайтара өзгертіп отырмайынша қалай жазу керектігін түсінбеймін» деп айтқан сөзі ойға оралады. Бұдан байқайтынымыз, дүние жүзі мойындаған ұлы жазушының өзі әрбір сөзіне жіті мән беріп, бірнеше мәрте ой елегінен өткізіп отырған. Ал жазушы Қарауылбек Қазиевтің де іштей осындай қағида ұстанғандығы оның әрбір шығармасынан анық аңғарылып тұрады. Осының әсері болар, жазушының қайсыбір әңгімелерін, қайсыбір повестерін алмаңыз, қай жағынан болмасын қойнауы жетіп туындағанына куә боламыз. Сонысымен де оның шығармалары оқыған жанды өзіне мәңгілік оқырман етіп, шын мәніндегі әдебиет әлемінің осы екендігін мойындатып, табындырып кетеді.

Авторға туған жердің жусаны мен бетегесі де, тау-тасы мен топырағы да, шалғыны мен шандағы етене жақын, ыстық. Қарауылбек Қазиев - табиғат жыршысы. Ақын Есенбай Дүйсенбай: «Ол табиғат жыршысы еді. Оның суреткерлік таланты бізді гүл дірілі, бозторғай шырылы, жапырақ уілі, жел жұпары, шалғын әні, ағын сулар, асқар таулар әуені, ақ жауындар әуезі, жазғы найзағайлар жаркылы, атқан тандар мен батқан күндер шұғыласы тербетілген сиқырлы сұлулық әлеміне енгізіп, жан түкпіріңді жаңғырта бастайды. Табиғат пен тағдыр дастанынан өз кеуденде де көктемгі күн күркірі дауыстағандай болатыны сондықтан шығар. Қарауылбек жырлап өткен қараңғы түндердің өзінен рауан таңға тән раушан нұр себездеп,

қоңыр түсті салқын лептен біртүрлі арайлы жылылық есіп, бұлақтардың күрсінісінен күн сәулесі көрініп тұрады. Таулардан еркіндік пен мәңгілік мәрттікті, ақ жаңбырлардан тазалық пен адалдықты көретін сияқты» [4,746.] - деп пікірін білдірсе, жазушы Әлдихан Қалдыбаев «Қарауылбек – табиғаттың ғажайып жыршысы. Оның суреттеуінде біз туған Кербұлақ тауы, Жайсаң жотасы, Шу бойы бар реңкімен тұнып, жанып тұрады. Табиғат ананың адамдардың көңіл-күйімен астасып, суреттелетінін дәл Қарауылбектей жетік біліп, жеткізе жазу екінің бірінің қолынан келе бермейтіні анық. Бұл тұрғыда ол - хас шеберге ғана даритын қасиет иесі» - деп жоғары бағалайды [4,796.].

Автордың «Үркер» повесі туралы Жаңабек Шағатай: «Марқұм Қ. Қазиевтің бұл кітабын (яғни, шығармаларын да) алғаш рет оқып шыққан жиырма жасар жігіттің еріксіз сүйсініп: — Ғажап екен ғой. Апыр-ай, мен ол жақта талай болған едім, мен көрген Шу өңірі мүлдем тозған, сүреңсіз жер секілді көрінген. Ал мына кісінің жазғанында Шу өңірі әлемдегі ең ғажайып сұлу өлке екен ғой, — деп таңдана бас шайқағанына куә болғанымыз бар» -деп ске алады [5].

Шығармаларында ауыл жастарының туған жерге деген сүйіспеншілігі, бір-біріне деген қаяусыз қарым-қатынасы, махаббат сезімдері табиғи қалпымен бейнеленеді.

Табиғат – адамзат мекені, оның дүниеге келген, туып-өскен жері. Сондықтан, табиғат – ана, атамекен. Әр адамға өзінің өніп-өскен жерінің ағашы мен суы да, төбесі мен тауы да ыстық. Және адамның табиғатты береген етудегі, өзгертудегі күресі де осы арада өтеді. Жазушы – суретші өз өміріне үлкен әсер еткен табиғат-ана бейнесін суреттемей отыра алмайды. Осындай жайлардан туған табиғат жырлары әдебиет дүниесінде әр жазушыда да кездеседі.

Неміс халқының ұлы ақыны Гете табиғатты анаға балап, өзін оның кеудесінде деп санаған. Табиғатты оятқан нұрлы көктемді жырлаған [6,66 б.].

Туған жерді жырлаған ақын-жазушылар өз даласының сұлу да қарапайым жері мен аспанын, суы мен өсімдігін өз топырағына деген ыстық сезіммен жырлап өткен, жырлап та келеді. Алайда, Қ. Қазиевтің базарлы бала кезін, жалынды жігіт шағын өткізген, туған анасындай Кербұлақ табиғатын жырлауының өз ерекшелігі бар.

Сөзбен сурет салудың зергері Қ. Қазиев табиғат суретін, дала келбетін бейнелегенде де

аса бір сезімталдықпен, нәзік нақышпен көз алдына келтіреді. Көркем туындыларынан жазушы туған өңірінің табиғаты, өзен, тау, жер аттары жиі кездесіп отырады. Шығармаларындағы оқиға желілері өрбитін мекендер, көбіне өзіне ежелден таныс Шу бойы, Кербұлақ таулары мен оның қойнауы, қоныстары, осы аттас өзеннің бойы, Шокпар асу аталатын қыраттар маңайы сияқты балауса балалық шағы өткен қасиетті өңірлер болып келуі де түсінікті. Өзі жетік білетін табиғатты суреттеу қаламгер үшін әлдеқайда қолайлы екені белгілі. Солар арқылы туған аймақтың бүкіл тыныс-тіршілігі ғана танылып қоймайды, кейіпкердің өзіне етене таныс суреттерден оның соларға деген махаббаты аңғарылып тұрады. Алайда жазушыға Қазақстанның кез-келген өлкесі ыстық, өйткені ол да ұрпаққа қалдырған ата-баба мұрасы. Автор сол мұраның молдығын, кеңдігін мақтаныш тұтады. Табиғат лирикасы жазушыдан ерекше байқағыштықты, талғампаздықты талап етері сөзсіз. И.Б. Гетенің: «Бірақ қасиетсізден тектіні, сиықсыздан сұлулықты екшеп алу жай нәрсе

емес» [7,136.] көркем пішінге көшіру барысында көріктеу құралдарына негіз боларлық өмірлік материалдарды табиғаттан қапысыз екшеп ала білетіндігінің ең үлкен айғағы – оның пейзаждық лирикасы деп білеміз.

1. Қазиев Қ. Іңкәр дүние. – Алматы: Рауан, 1992. -272б.
2. Нұрғалиев Р. Дінгек. Екі томдық. Алматы: Арда, 2009. I том. -592 б.
3. Көркемөнердің эстетикалық мәні. Москва, 1956.
4. Қазиев Қ. Адамзат сапарының мейманымыз. – Алматы: Жазушы, 2009. 181б.
5. Шағатай Ж. Раушан гүлдер ауласы // Түркістан. – 2009. – 23 сәуір.
6. Сыдиықұлы Қ.Тағлымды тұлғалар: Зерттеулер. Мақалалар, толғаныстар. –Алматы: Информ-Арна, 2000. 168б.
7. Гете И.В. ОБ искусстве. – Москва, 1975. – С.585.

В статье исследуются особенности произведений мастера словесного искусства К. Казиева.

This article is devoted to the research of the writer Kaziev's descriptions of an unclouded childhood, flaming youth, the nature of Kerbulak. The master of oral art K. Kaziev describes the beauty of nature, latitude of an own steppe with peculiar sensuality and tender motive.

Н. С. Исмагулова

ӨМІРШЕҢ ТУЫНДЫ

XX ғасырдың басында көлемді прозаның алғаш баспалдағын қалаған Сәбит Мұқанов болды десек қателеспейміз. Алғаш рет 1935 жылы «Адасқандар» деген атпен жарық көріп, кейін өңделіп қайта басылған «Мөлдір махаббат» романы – жазушының ғалымдардың назарын жиі аударып, көбірек тілге тиек болған туындысы.

Әрбір көркем шығармаға сол дәуірдің, сол заманның өмір шындығы негіз болады. Қалың көпшілікке «Мөлдір махаббат» деген атпен таныс «Адасқандар» романы да шыншыл оқиға желісінде жазылған. «...Романда суреттелген оқиғалардың бәрі де өмірдің өзінен туып, шындық деңгейінде суреттеледі: Бәтес (Бәтима) пен Бүркіттің (Сұлтанбектің) махаббатынан өрбіген трагедияны көзімен көріп, қатты толғануы қолға қалам ұстатпай қоймайтын еді. Осы шығармашылық қажеттілік сыртқа шығар форманы іздеген уақытта С.Мұқанов прозаның ең ауыр да күрделі түрі – романды таңдап алды»

(1.101). Алғашында қатал сынға ұшыраған роман одан кейін де бірнеше өзгеріске түседі. Романның жазылу тарихын, шығармашылық зертханасын, көркемдік деңгейін әдебиет зерттеушілері кеңінен қозғады. Кезінде қаншама зерттеу еңбектері, мақалалар мен ғылыми жұмыстарға негіз болған Сәбит Мұқановтың «Мөлдір махаббат» романын кеңестік жүйенің саяси идеологиялық тұсауынан еркін елдің көркемдік дүниетанымы тұрғысынан саралап көрелік.

Әдебиеттану ғылымында романды кең көлемде талдаған зерттеушілер – Т.Нұртазин, Б.Кенжебаев, Ғ.Мүсірепов, М.Қаратаев, Т.Кәкішев, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Р.Бердібаев, Ә.Нарымбетов, Р.Нұрғалиев, Қ.Ергөбек, Рахымжан Тұрысбек. «Дүниетаным және шығарма» мақаласында ғалым Рахымжан Тұрысбек: «Шығарма 1928 жылы жазылып, 1931 жылы Қызылордадан жеке кітап болып жарық көрді. Үш бөлім, отыз тараудан тұратын роман күрделі